# Экономикалық талдау әдістері. Негізгі экономикалық көрсеткіштерді болжау әдістері

Орындаған: Аманхожа А.
Тобы: ФА 13-002-01

# Жоспар

- Экономика талдау пәні
- Экономикалық талдау әдістері
- Қаржы шаруашылық жоспар
- Қаржы шаруашылық болжау түрлері

- ***Талдау*** (грек тілінен  алынғанда analisis)- құрамдас бөлшектерді, талданатын жүйелер элементтерін және оларда болатын өзгеріс тенденциясын анықтауға болатын құбылыстар мен үрдістердің ғылыми зерттеу әдісін айтады
- ***Экономикалық  талдау*** - экономикалық құбылыстар мен үрдістерді құрамдас бөлшектерге бөлуге негізделген  және байланыстардың барлық көптүрлілігін және тәуелділігін оқуға негізделген мазмұнын пайымдаудың ғылыми әдісі болып табылады.

Дәріхана ұйымдарының қызметін талдау ***<u>объектілеріне</u>*** мыналар жатады:

- Өндірістік
- Саудалық
- Қоймалық

Экономикалық талдауға қойылатын ***<u>талаптар</u>***:

- Нақтылық
- Мақсаттылық
- Оперативтік
- Объективтілік
- Шынайылық

# Аналитикалық жұмыс келесідей ретпен жүргізілгені дұрыс:

Жұмыс жоспарын құрастыру

Материалдарды жинау және тексеру

Шаруашылық қызметті талдау әдістерін қолдана отырып зерттеу

Талдау нәтижелерін жалпылау

# Экономикалық талдау әдістері мен тәсілдері

дәстүрлі

математикалық

- абсолютті,
- орта
- салыстырмалы

кәсіпорынның шаруашылық қызмет экономикалық нәтижелігін жоғарылатады. Негізгі әдістерге және экономикалық талдау қабылдауларына жатады

# Салыстыру әдісі

- Ең үздік көрсеткіштермен салыстыру
- Жоспарлы мәліметтермен салыстыру
- Өткен кезеңдегі мәліметтермен салыстыру
- Орташа мәліметтермен салыстыру

# Топтау әдісі

- Көрсеткіштерге әртүрлі факторлардың тигізетін әсерін анықтауға болады.
- Жоспарлы және есеп беру көрсеткіштері топталады.

# Тізбектеп қою әдісі

- Жалпы массадан жоспарлы көрсеткіштердің орындалуына әсерін тигізетін негізгі, шешуші факторларды бөледі және олардың ретін анықтайды.

- факторлық талдау- бұл жекелеген себептердің қорытынды көрсеткіштерге тигізетін әсерін зерттеудің реттелмеген тәсілдер көмегімен талдау. Факторлық талдау қорытынды көрсеткіштерді оның құрамдас бөліктеріне жіктесе тура, ал оның жеке элементтерін жалпы қорытынды көрсеткішке біріктірсе кері болуы мүмкін.

Экономикалық талдаудың  ең басты кезеңі:

- Материалдардың аналитикалық өңдеу;
- Қажетті кестелер құрастыру (график, диаграмма);
- Көрсеткіштердің жүйе құруы;
- Бөлінген көрсеткіштерге ықпал жасау;
- Факторлардың ықпалын жасау;
- Бар резервтерді бағалау;

- Пайдасы[өңдеу]
- экстенсивтілігімен (әлеуметтік саяси және экономикалық құбылыстардың кең шеңберін қамтиды)
- қарқындылығымен (кәміл техника мен әдістерді қолдануды түсінеді);
- тиімділігімен (қорытындысында қаржыны басқару қойған міндеттерге жетудің қажеттілігін білдіреді) адамдарға пайда келтіреді.
- Тәсілдемелері[өңдеу]
- Қаржылық жоспарлаудың мына тәсілдемелер пайдаланылады:
- автоматтық (өткен жылдың деректері келесі жылға көшіріледі). Инфляция кезінде деректер инфляцияның коэффициенттеріне көбейтіледі. Бұл әдіс ең қарапайым әдіс болып табылады және, әдеттегідей, уақыт жетіспеушілігі кезінде пайдаланылады;
- статистикалық (өткен жылдардың шығыстарын қосып, өткен жылдардың санына бөледі);
- нөлдік база тәсілдемесі (барлық айқындамалар қайта есептелуі тиіс бұл әдіс нақтылы қажеттіліктерді есепке алады және оларды мүмкіндіктерімен үйлестіріледі).
- Жоспарлауда қолданылатын қаржылық көрсеткіштер[өңдеу]
- Негізінен, қаржылық жоспарлауда қолданылатын көрсеткіштер әр салада әртүрлі.Олардың ең танымал түрлері мыналар:
- өнімді өткізуден түсетін табыс;
- өткізілген өнімнің өзіндік құны;
- жалпы табыс;
- кезең шығысы;
- негізгі қызметтен түсетін табыс;
- табыс салығының сомасы[1][2].

- ***Қаржылық жоспарлау***

- бұл қаржылық механизмнің қосалқы жүйесі, саналы басқарудың аса маңызды элементтерінің бірі және әлеуметтік-экономикалық жоспарлаудың құрамды бөлігі.
- Ол экономиканың үйлесімді және тепе-теңдік дамуына жетуге, біртұтас ұлттық шаруашылық кешенінің барлық буындарының қызметін үйлестіруге, қоғамдық өндіріс өсуінің жоғарғы қарқының қамтамасыз етуге, халықты әлеуметтік қорғауға бағытталған.

Қаржылық жоспарлаудың нақтылы ***<u>міндеттері</u>*** қаржылық саясатпен айқындалады.

- қаржылық ресурстарды қалыптастыру көздерін және олардың мөлшерін анықтау;
- орталықтандырылған және орталықтандырылмаған қорлар, ұлттық шаруашылықтың салалары және әкімшілік-аумақтық бөлімшелер арасында қаражаттарды бөлудің оңтайлы үйлесімдерін белгілеу;
- ресурстарды пайдаланудың нақтылы бағыттарын анықтау және қажетті резервтер жасау.

Шаруашылық жүргізудің нарықтық жағдайларында шаруашылық жүргізудің белгіленетін түпкі нәтижелеріне ықпал етуші көптеген факторлардың екі ұштылығына байланысты қаржылық жоспарлау көбінесе ***болжау*** ретінде жүргізіледі.

- ***Болжам*** - арнайы ғылыми зерттелім негізінде болашақта қандайда бір жай-күй туралы ықтималдық жорамалдау.
- ***Жоспар*** - іс-әрекеттерді немесе іс-шараларды жүзеге асырудың тәртібін, мезгілдерін және дәйектілігін анықтайтын тапсырмалардың бірыңғай мақсатына жетуге бағытталған өзара байланысты жүйе.

Қаржылық болжау әр түрлі әдістерді қолдануды қажет етеді:

- экономикалық үдерістерді анықтайтын факторларға қарай қаржы жоспарлары көрсеткіштерінің динамикасын бейнелеп көрсететін ***экономикалық моделдерді*** жасау;
- ***корреляциялық-регрессиялық*** талдау;
- ***тікелей сараптамалық*** бағалау

Қаржыны жоспарлау (болжау) белгілі әдістердің көмегімен жүзеге асырылады, олардың қатарына жататын ең маңыздылары мыналар:

- 1. ***Есеп-қисаптық-талдамалық әдіс***. Оның мағынасы қаржылық көрсеткіштерді олардың динамикасын белгілеу негізінде анықтауда болады. Есеп-қисаптар есепті кезеңнің жетістіктері және оларды өсудің немесе төмендеудің салыстырмалы тұрақты қарқынына түзету негізінде жүргізіледі.

- 2. *Сараптық бағалаулар* әдісі жоспарлау объектісінің жай-күйінің параметрлерін анықтау үшін аса білікті мамандардың - сарапшылардың тәжірибесін пайдалануды қажет етеді.
- 3. *Нормативтік* әдіске сәйкес жоспарлы қаржылық көрсеткіштер белгіленген нормалар мен нормативтердің негізінде есептеп шығарылады.

4. *Баланстық* әдіс шығындардың оларды жабу көздерімен үйлесушілігін, қаржы жоспарларының барлық бөлімдерінің, сонымен бірге өндірістік және қаржылық көрсеткіштердің өзара үйлесуін қарастырады. Қаржы балансының талаптарын сақтау

- кәсіпорынның, саланың, бюджеттердің, бүкіл ұлттық шаруашылықтың шығындары мен табыстарының арасында үйлесімсіздіктің пайда болуынан сақтандыруға;
- ұлттық шаруашылықты дамытудың қажетті қарқындары мен үйлесімдерін анықтауға;
- ішкі резервтерді жұмылдыруды ескере отырып оларды жан-жақты негіздеуге мүмкіндік береді.

- 5. *Бағдарламалық мақсатты* әдіс әр түрлі деңгейлерде - жалпыұлттық, салалық, бастапқы деңгейлерде жүзеге асырылатын ғылыми-
техникалық бағдарламалар негізіндегі қаржылық болжау әдістерінің бірі ретінде рынок жағдайларында дамып отыр.
- 6. *Экономикалық математикалық* әдістер ЭВМ-ді пайдалана отырып есеп-қисаптардың көп нұсқалылығы жағдайларында ең жақсы шешімдерді таңдау үшін қолданылады.

# Пайдаланылған әдебиеттер


- https://kk.wikipedia.org
- http://www.uniface.kz/
- Криков В.И., Прокпишин В.И. Организация и экономика фармации.- М.: Медицина, 1991.-С.397-407.
- http://kaskasu.kz

Назарларыңызға рахмет!!